

№8 «Болашақ»

менеджерів:  Левченко И.Г.



ХАТТАМАЛАРЫ

№8 “Болашақ” бөбекжай-бақшасы

2024-2025 оқу жылының №1 әдістемелік кеңестің хаттамасы

Тақырыбы: Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру

Өткізілген күні: 17.09.2024 жыл

Қатысқан: 4 педагог

Қатыспаған: 0

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:

- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
- портфолио жинақтау;

Әдіскер: Калдыбаева Р.А.

2. Өзара ҰІӨ-ге қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің

3. факторларының бірі.

Әдіскер: Калдыбаева Р.А.

4. Жаңадан келген балалардың бейімделуі

Ортаңғы топ тәрбиешісі: Кубентаева У.А.

5. Ата-аналармен жұмыс

Әдіскер: Калдыбаева Р.А.

6. Ағымдағы мәселелер

Бірінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Калдыбаева Р.А. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындық бойынша қорытынды жасалды, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг құжаттарының тапсырылуы бойынша анықтама жасалды, топтардағы құжаттарды дұрыс толтыруға бірнеше кеңестер берілді. Әр педагогтың өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспары талқыланды, әр педагог өздері тақырыптары бойынша жоспарлы жұмыс жасауды тапсырды. Тестілеуден өткен педагогтерге портфолио жинақтау тапсырылды. Педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары бойынша бірнеше кеңестер ұсынылды.

Екінші сұрақ бойынша өзара ҰІӨ-ге қатынасу, тәжірибе алмасу-педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі тақырыбында педагогтың кәсіби өсуін тиімді ету үшін бірнеше кеңестер берілді. өзара тәжірибе алмасу үшін семинарлар мен тренингтер, ұжымдық іс-әрекет, өзіндік даму, әлеуметтік желілерде әріптестермен байланыста болу.

Үшінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі ортаңғы топ тәрбиешілерінен балалардың балабақшаға бейімделуіне байланысты есеп алды, балаларды балабақшаға тез бейімдеу үшін бірнеше ұсыныстар мен кеңестер берді.

Төртінші мәселе бойынша ата-аналармен жиналыстарды уақытында және дәстүрден тыс форматтарда өткізіп отыруды тапсырды.

Бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері педагогтерге түсіндірме жүргізді. Отбасы мен балабақша арасындағы байланысты күшейтіп, бағытты жұмыс жүргізу, ұйымдастырылатын мерекелік іс-шараларға, ата-аналарға және топ жиналыстарына ата-аналарды тартудың қажеттілігі: балаларда іс-әрекетті тандаудың үлкен мүмкіндігі болады, балалар маңызды жетістіктерге жете алады; балалар еліктеудің жаңа үлгісін алады; ата-аналар тәрбиешілердің жұмысымен жақын танысып, оны бағалай біледі.

Ата-аналармен бірлесе атқаруға болатын жұмыстар: тақырыптық кеңес (ата – аналарды психологиялық, педагогикалық білім және тәжірибе жаңалықтармен таныстыру, кеңес беру, ой қозғау, ой қорыту), педагогикалық семинар (отбасылық тәрбиенің әдіс – тәсілдеріне арналады),

шығармашылық кештер (балабақша және топішілік болуы, танымал ата – аналарды үлгі тұту, насихаттау мақсатында ұйымдастырылады), топішілік ата – аналар жиналысы, ата – аналармен жеке кездесу, ата – аналар үшін ашық есік күні, ата – аналарды мерекелік кештерге шақыру, ата – аналарды психологиялық тренинг – ойындарға қатыстыру, отбасылық жарыстарға қатыстыру және «Менің жанұям» атты балалар салған сурет көрмесін тамашалау тағы басқа да. Ата – ананың балаға бар жағдайы жасаудан басқа мейірім, жылуы, қамқорлығы қажет. Әке мен шеше өзін тәрбиешімін дей отырып өздері де тәрбиеге енуі қажет. Қазіргі таңда баланы тәрбиелеуде, бала психологиясының дұрыс қалыптасуында ата - ананың да, тәрбиеші- ұстаздың да атқаратын рөлі зор. Сондықтан отбасы мен балабақша ынтымақтастығының өсіп келе жатқан болашақ ұрпақ өміріне тигізетін әсері өте зор. «Ұстаз – бағбан, бала - гүл» деген қағида әр ұстаздың ұстанымы. Осы қағиданы ата – ана мен ұстаз бірігіп пайдалансақ балабақша балалар үшін ең сүйікті мекенге айналар еді.

Қорыта айтқанда отбасында барлығы жақсы болған жағдайда-балалар жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму деңгейіне көтеріле алады. Отбасы мен педагогикалық ынтымақтастық-баланың қанағаттану деңгейі мен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырады. Өзара сапалы қарым-қатынас, өзара сыйластық,әлемге деген түсіністік көзқарас және оның тиімділік ықпалына ұзақ уақыт бойы сезіну, бір-біріне серіктестік барлық қатысушыларға жағымды әсер ететіндей болуы тиіс, сонда ғана тәрбие мен білім беру өз нәтижесіне жетеді.

Шешімдер:

1. 2024-2025 оқу жылы цифрлық технологияларды басшылыққа алып жұмыс жасау тапсырылсын

Мерзімі: жыл бойы.

2. Өзіндік білімін көтеру тақырыптарының жоспарын жүйелеу, өзара тәжірибе алмасу

Мерзімі: үнемі

3. 2024-2025 оқу жылы Мектепке дейінігі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру үшін үнемі білім беру процесіне ата-аналарды қатыстырып отырсын.

Мерзімі: үнемі.

Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.

4. Цифрлық технологиялармен жұмыс жасалсын

Мерзімі: жыл бойы

Жауапты: барлық педагогтер

Төрайымы:
Хатшы:



Калдыбаева Р.А.
Кубентаева У.А.

2024-2025 оқу жылының №2 әдістемелік кеңестің хаттамасы

Өткізілген күні: 15.11.2024 жыл

Қатысқан: 4 педагог

Қатыспаған: жоқ

Тақырыбы:

«Балабақшадағы оқу-тәрбие процесі».

Күн тәртібінде:

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы
2. Ата-ана мен балабақша қарым-қатынасы туралы
3. Өртүрлі мәселелер

Әдіскер: Калдыбаева Р.А.

Әдіскер: Калдыбаева Р.А.

Бірінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Калдыбаева Р.А. мектепке дейінгі ұйымның өткен әдістемелік кеңесінде жүргізілген іс-шаралардың жоспарға сәйкес жүргізілуі бойынша талдау жасап, тәрбиешілерге жоспарланған іс-шаралардың құжаттамаларын уақытында тапсырып келе жатқандарын айтты.

Екінші сұрақ бойынша әдіскер Калдыбаева Р.А. Ата-ана мен балабақша қарым-қатынасы туралы ой толғау жүргізді. Ата-анамен балабақша арасында тығыз байланыс орнату. Ата-ана мен балабақша бірлесе отырып, балаларды оқу мен тәрбиеге баулуда жаңа заманның тұлғасы етіп тәрбиелеп шығару үшін әлі де тығыз байланыста, шығармашылықпен жұмыс жасайлуы қажет екенін атап өтті.

Үшінші сұрақ бойынша әртүрлі мәселер бойынша сұрақтарға жауап қайтарылды.

Шешімдер:

1. Жоспарланған іс-шаралар талаптарға сай өткізіліп, құжаттамалары уақытылы тапсырылсын.

Мерзімі: үнемі.

Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.

2. Ата-анамен тығыз байланыс орнатылып, балабақша ішілік шараларға ата-аналар тартылсын.

Мерзімі: үнемі.

Жауапты: барлық педагогтар.

Төрайымы:

Хатшы:



Калдыбаева Р.А.

Кубентаева У.А.

Ата-анамен балабақша арасындағы қарым-қатынас

Қазіргі заман талабында отбасы баланың оқу- тәрбиесіне араласу қажеттілігі айтылған. Сондықтан ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты дамыту өзекті мәселе болып отыр. Ата-ана мен балабақша ынтымақтастығы баланы оқыту мен тәрбиелеудегі –баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да мақсат-мүддесі біреу- ол болашақ ұрпақ тәрбиесі. Болашақ азамат тәрбиеленетін алғашқы ұя — отбасы, ата-ана құшағы. Жас сәбидің алғашқы еститіні анасының мейірбан сөзі; көретіні анасының аялы алақаны. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» немесе «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген де осының айғағы. Яғни, ата-анасының өнегесі, өнері балаға үлгі болатыны, бала үйде қандай игі істерге тәрбиеленсе, ұядан ұшқанда да сол өнеге- өсиет оған сарқылмас қазына болары сөзсіз. Ғ.Мұстафин айтқандай «ата-ана қадірін білген бала халық қадірін біледі, халық қадірін білген бала ата-ананың да қадірін біледі. Ол үшін өз халқының дәстүрін, мәдениетін, өнерін, тілін қадірлеуді ата-ана және ұстаз болып үйрету керек». Ендеше «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, отбасы балабақша бірлесе, ынтымақтаса отырып, оқу-тәрбие жұмысын мақсатты жүргізсе, елдің, халқының дәстүрін сыйлайтын ұлтжанды жеткіншек өсіру мақсатымыз еселі өтелері сөзсіз.

Болашақ ұрпақ тәрбиесін іске асырып отырған кез-келген мекеме үшін отбасымен жұмысты тиісті дәрежеде ұйымдастырудың маңызы өте зор. Себебі, отбасы баланың түпкі тамыры, болмысын қалайтын мекен. Сондықтан да балабақшаның оқу-тәрбие жұмысында ата-аналармен жұмысқа үлкен көңіл бөлемін. Көздеген мақсатым: балабақша мен отбасындағы ынтымақтастықты біріктіре отырып оқу және тәрбиелеу жүйесін ұйымдастырып, әр баланы жеке тұлға терінде қазіргі заман талабына сай рухани жан дүниесін байытып, бойындағы құндылықтарды дамыту. Балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты құру.

Алдыма қойған міндеттерім:

- Ата-аналарға балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес беру.
- Балабақшадағы іс-шараларға ата-аналарды қатыстыру.
- Ата-аналарды балабақша өмірімен қызықтыру.
- Үлгілі ата-аналарды насихаттау.
- Ата-аналар бұрышын жасау.
- Ата-аналармен бірге отырып құрылған оқу-тәрбие жоспарын жасау.
- Балаларды дамытудың диагностикасын жасау.
- Күнделік оқу-тәрбие жұмысына ата-аналарды тарту.

Алдыма қойған міндеттерімді іске асыруда мынадай іс-әрекеттерді балабақшада ұйымдастырдым.

Тәрбиешінің жүргізген жұмысынан хабарлы болу үшін ата-аналарға топтарда «Сіздер үшін ата-ана» бұрышы жасалды. Балабақша күн тәртібімен танысады.

Балабақшада ұйымдастырылған ашық есік күндері ата-ана баласының жетістіктерін немесе қиындықтарын көреді, балада қиындық тудыратын мәселелерді, үйде ұйымдастыру бойынша тәрбиешіден әдістемелік нұсқаулар, дидактикалық ойындар пайдаланатын әдебиеттер секілді кепілдемелер алады.

Қазіргі кезде мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие ісін ары қарай жетілдіру отбасы мен балабақшаның бірлескен жұмысын дамыта және нығайта түсу арқылы жүзеге асады.

Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отыр. Әр түрлі жаңа технологияларды бала тәрбиесінде қолданып, заман талабына сай бала тәрбиелеу

үшін ата-ананың да сол заманға сай жаңаша технологияларды меңгеруі шарт. Жоспарға сай ата-аналар жиналыстары, ақыл-кеңестер мен дөңгелек үстелдер жыл бойы жүргізіліп отырады.

Әр мерекелік ертеңгілік ата-аналардың қатысуымен өткізіледі. Балабақшаның негізгі міндеті –баланың жеке басының бастапқы қалыптасуын қамтамасыз ету. Бұл жас баланың ақыл-ойының дамуы мен даярлығы үшін қолайлы кезең. Сол үшін ата-аналар қауымын балабақша жұмысымен таныстыру, бала тәрбиесіне белсендіре араластыру болып табылады.

Ата-ана мен балабақша бірлесе отырып, балаларды оқу мен тәрбиеге баулуда жаңа заманның тұлғасы етіп тәрбиелеп шығару үшін әлі де тығыз байланыста, шығармашылықпен жұмыс жасаймыз.

2024-2025 оқу жылының №3 әдістемелік кеңестің хаттамасы

Тақырыбы: «Балабақшада балалардың ой-өрісін этномәдениет арқылы дамыту»

Мақсаты: Болашақ ұрпақты халық қазынасымен сусындату арқылы балалардың дүниетанымын қазақ этнопедагогикасы арқылы қалыптастыру, дамыту.

Өткізілген күні: 29.01.2025 жыл

Қатысқан: 4 педагог

Қатыспаған: 0 педагог

Күн тәртібі:

1. №2 әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы
2. «Балабақшада балалардың ой-өрісін этномәдениет арқылы дамыту»
3. 2024-2025 оқу жылы I жарты жылдық балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика)
4. Әртүрлі мәселелер

Хаттаманың мазмұны:

1-мәселе бойынша:

№2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы туралы әдіскер баяндама жасады. Алдыңғы кеңесте қабылданған шешімдер талқыланып, олардың жүзеге асырылу деңгейі тексерілді.

Шешімдер:

Мерзімі: жыл бойы.

1. Видеомонтаждау кезінде нейрожелілермен жұмыс жасау, фон музыкасы мен иллюстрацияларды нейрожелі көмегімен жасалсын.

Мерзімі: үнемі

2. Нейрожелілермен жұмыс жасауда балалардың жас ерекшелігі ескертілсін

Мерзімі: үнемі.

Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.

3. Цифрлық технологиялармен жүйелі жұмыс жасалсын, сұрақтары бойынша әдіскермен тығыз байланыс жасалсын.

Мерзімі: жыл бойы

Жауапты: барлық педагогтер

Қабылданған шешімдерге балабақша меңгерушісі Левченко И.Г. оң бағасын берді.

2-мәселе бойынша:

Әдіскер Калдыбаева Р.А. «Балабақшада балалардың ой-өрісін этномәдениет арқылы дамыту» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамасында төмендегідей мәселелер қозғалды:

- Этномәдени элементтерді енгізу арқылы балалардың ұлттық танымын арттыру жолдары.
- Балабақшада цифрлық технологияларды қолдану тәжірибелері.

Қатысушылар баяндаманы талқылап, пікір алмасты.

Қабылданған шешім:

- Этномәдени материалдарды цифрлық құралдар арқылы енгізу тәсілдері қарастырылсын.

Жауапты: әдіскерлер, педагогтер.

Орындау мерзімі: 2024-2025 оқу жылы.

3-мәселе бойынша:

Әдіскер Калдыбаева Р.А. 2024-2025 оқу жылы I жартыжылдығындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша жүргізілген сараптаманың (диагностиканың) қорытындыларымен таныстырды.

Диагностикалық талдау төмендегі нәтижелерді көрсетті:

- Балалардың танымдық, коммуникативтік және шығармашылық дағдыларының деңгейі.

- Негізгі құзыреттіліктер бойынша жетістіктер мен кемшіліктер.
- Әр топтағы балалардың даму динамикасы.

Қатысушылар нәтижелерді талқылап, ұсыныстарын білдірді.

Қабылданған шешім:

- Әр педагог өз тобы бойынша балалардың құзыреттілік деңгейін көтеру бойынша жеке жұмыс жоспарын әзірлесін.
- Кемшіліктерді жою үшін қосымша әдістемелік ұсыныстар енгізілсін.
- Ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, балалардың дамуын қолдау жұмыстары күшейтілсін.

Жауапты: әдіскерлер, педагогтер.

Орындау мерзімі: 2024 жылдың II жартыжылдығы.

4-мәселе бойынша:

(Әр түрлі мәселелер):

Қатысушылар өзекті мәселелерді талқылады:

- Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру курстарына қатысу.
- Балабақшадағы оқу-тәрбие процесін жетілдіру.
- Балалардың оқу жетістіктерін арттыру шаралары.

Қабылданған шешім:

- Педагогтер кәсіби дамуға арналған курстарға жазылсын.
- Әдіскерлер оқу бағдарламаларына қосымша әдістемелік материалдар әзірлесін.
- **Жауапты:** әдіскерлер, педагогтер.
- **Орындау мерзімі:** 2025 жыл.

Төрайымы:
Хатшы:



Калдыбаева Р.А.
Кубентаева У.А.

Баяндама

Тақырыбы: «Балабақшада балалардың ой-өрісін этномәдениет арқылы дамыту»

Кіріспе

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде этномәдениетке негізделген тәрбие мен білім беру маңызды орын алады. Балабақша жасындағы балалардың ой-өрісін дамытуда этномәдениет элементтерін қолдану ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілікті қалыптастырып, олардың шығармашылық қабілеттерін арттырады.

Этномәдениет – бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ұлттық өнер мен мәдениеттің негізі. Баланың дүниетанымын кеңейту, зияткерлік және рухани дамуын қамтамасыз ету үшін, әсіресе, балабақшадеңгейінде этномәдени тәрбиенің маңызы ерекше.

Негізгі бөлім

1. Этномәдениеттің ой-өрісті дамытудағы рөлі

- Этномәдениет арқылы бала өз халқының мәдениеті мен тарихымен танысады.
- Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ұлттық ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар қолдану маңызды.
- Ұлттық ойындар баланың логикалық ойлау қабілетін, қиялын және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

2. Этномәдениетті қолданудың негізгі әдістері

1. Ұлттық ойындар:

- «Ақ серек, көк серек», «Тоғызқұмалақ», «Асық ойындары» сияқты ойындар балалардың математикалық және стратегиялық ойлау қабілеттерін дамытады.

2. Ертегілер мен аңыздар:

- Ұлттық ертегілер баланың тілдік қорын байытып, шығармашылық қабілетін арттырады.
- Мысалы, «Ер Төстік», «Алдар Көсе» ертегілерін оқып, талдау.

3. Салт-дәстүрлерді үйрету:

- Балаларды «Тұсау кесу», «Бесікке салу», «Қырқынан шығару» дәстүрлерімен таныстыру.
- Бұл дәстүрлер арқылы бала халқымыздың өмір салты мен құндылықтарын түсінеді.

4. Қолөнер және өнер:

- Балаларды ұлттық өрнек салу, киіз үй жасау, қуыршақ жасау сияқты қолөнерге баулу.

- Ән-күй сабақтарында ұлттық әндер мен күйлерді тыңдату.

3. Практикалық мысалдар

- Балабақшада «Ұлттық мұра» бұрышын ұйымдастыру. Бұл бұрышта ұлттық аспаптар, киіз үйдің макеті, ұлттық ойындардың құралдары қойылады.
- Этномәдени тақырыпта ашық сабақ өткізу:
 - Мысалы, «Қазақтың ұлттық тағамдары» тақырыбында балаларға бауырсақ, кымыз сияқты тағамдарды таныстыру.
- Әр аптада этномәдениетке арналған шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру (ұлттық ертегілерді сахналау, ұлттық киімдер үлгісін жасау).

Қорытынды

Этномәдениет арқылы балалардың ой-өрісін дамыту олардың ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігін қалыптастырып, тұлғалық дамуына оң ықпал етеді. Балабақшада этномәдени тәрбиені жүйелі түрде енгізу арқылы біз болашақ ұрпақты өз мәдениетін құрметтейтін, ұлттық рухы жоғары азамат етіп тәрбиелей аламыз.

2024-2025 оқу жылының №4 әдістемелік кеңестің хаттамасы

Мектепке дейінгі ұйым: МКҚК №8 “Болашақ” бобекжай-бақшасы

Әдістемелік кеңес №4

Күні: 27 мамыр 2025 жыл

Уақыты: 13.00

Тақырыбы: «2024–2025 оқу жылының қорытындысы»

Мақсаты:

Оқу жылындағы тәрбие-білім беру процесінің нәтижесін қорытындылау, педагогтер мен мамандардың кәсіби жетістіктерін саралау, келесі жылға нақты ұсыныстар қалыптастыру.

Қатысқандар:

- Меңгеруші – Левченко И.Г.
- Әдіскер – Калдыбаева Р.А.
- Барлық топ тәрбиешілері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен әдістемелік кеңесінің шешімі туралы
2. Педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есеп 2024-2025 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика)
3. «Керемет топ» сайысының қорытындысын шығару. «Жыл тәрбиешісі» қорытындысын шығару.
4. Мамандар жұмысын талдау.
5. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау.
6. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту.

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы

Баяндамашы: Меңгеруші Левченко И.Г.

№3 әдістемелік сағаттың қабылданған шешімі:

- Педагогтер кәсіби дамуға арналған курстарға жазылсын.
- Әдіскерлер оқу бағдарламаларына қосымша әдістемелік материалдар әзірлесін.
- **Жауапты:** әдіскер, педагогтер.

Алдыңғы кеңесте берілген тапсырмалардың орындалу барысы баяндалды. Ашық сабақтар, бірлесе өткізілген іс-шаралар, әдістемелік көмек көрсетудің тиімділігі бағаланды. Шешімдердің 95%-ы уақытында және сапалы орындалғаны атап өтілді

2. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп

Баяндамашылар: Барлық тәрбиешілер

Жетекшілік: Әдіскер Калдыбаева Р.А.

Әр педагог өз тобы бойынша жүргізілген білім беру іс-әрекеттерінің нәтижесін таныстырды. Ашық іс-шаралар, педагогикалық жобалар, ата-анамен жұмыс, инновациялық әдістер қолдану деңгейі талданды. Қорытынды: барлық тәрбиешілердің кәсіби белсенділігі жоғары, балалардың танымдық, әлеуметтік және сөйлеу дағдыларында оң динамика байқалған

3. 2025 жылғы мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика)

Баяндамашы: Әдіскер Калдыбаева Р.А.

5 құзыреттілік бағыты бойынша салыстырмалы талдау ұсынылды:

1. Коммуникативтік
2. Танымдық
3. Әлеуметтік
4. Эмоционалды

5. Дене белсенділігі

Диагностика нәтижесі бойынша 85% баланың күтілетін деңгейге жеткені анықталды. Мектепалды топтарда мектепке дайындық деңгейі жақсы

4. «Керемет топ» сайысының қорытындысы

Баяндамашы: Әдіскер Калдыбаева Р.А.

Сайыс нәтижесі критерийлер бойынша бағаланды (креативтілік, тәрбиешінің шеберлігі, балалардың белсенділігі, ата-анамен байланыс). **Жеңімпаз:** «Бөбек» тобы. Жеңімпаздарға мақтау қағаздары мен сыйлықтар тапсырылатыны хабарланды

5. «Жыл тәрбиешісі – 2025» қорытындысы

Баяндамашы: Меңгеруші Левченко И.Г.

Ашық сабақтар, портфолио, әдістемелік әзірлемелер, шығармашылық белсенділік сараланып, әділ бағалау жүргізілді. **Жеңімпаз:** Кубентаева Улжанат Абдиганиевна (аты-жөні). Марапаттау салтанаты педагогикалық кеңесте немесе жалпы іс-шарада өткізіледі

6. Мамандар жұмысының талдауы

Баяндамашылар: мамандар өздері

Балалардың музыкалық-эстетикалық дамуы мен физикалық белсенділігі тұрақты назарда. Әр маман жазғы кезеңге арналған жеке жұмыс жоспарын ұсынды

7. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау

Жетекшілік: Меңгеруші мен әдіскер

Педагогтерге 2025–2026 оқу жылындағы аттестациядан өту тәртібі түсіндірілді. Өтініш беру мерзімі: қыркүйекке дейін. Құжаттарды жинақтау жөнінде кеңес берілді

8. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту

Баяндамашы: Әдіскер Калдыбаева Р.А.

Серуен, ойын, спорттық шаралар, суды үнемді пайдалану, ауа райына сай бейімделген сценарийлер ұсынылды. Жазғы кезеңге арналған жұмыс жоспары бекітілді. Жауапты тұлғалар анықталып, тізім жасалды

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР:

1. Әдістемелік кеңесте көтерілген барлық мәселелер толық қаралды
2. Педагогтердің және мамандардың жылдық жұмысы оң нәтиже берді
3. Диагностика нәтижелері келесі оқу жылындағы жоспарлауға негіз ретінде алынсын
4. «Керемет топ» және «Жыл тәрбиешісі» жеңімпаздары марапатталсын
5. Аттестациядан өтетін педагогтер тізімі толықтырылып, құжат дайындау басталсын
6. Жазғы сауықтыру жұмыстары бекітіліп, орындалуы бақылауға алынсын

Төрайымы:
Хатшы:



Калдыбаева Р.А.
Кубентаева У.А.